Қазақстан Республикасы
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

Республика Казахстан
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ**

2021 жылғы «11» 09 | № 257 | «___»_____2021 года
Ақтөбе қ. | г.Актобе

**Білім беру ұйымдарында
заңсыз ақша қаражаттарын
жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 63 және 64 баптарының және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарында заңсыз қаражат жинау фактілерінің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, басқармаға бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:

1.1. Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;

1.2. Заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау туралы мұғалімдер мен ата-аналар арасында алдын алу жұмыстары күшейтілсін;

1.3. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдасын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы** **Ж.Батырхан**